

Қ. Сатпаев атындағы мектеп лицейі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары
Ж.Мырзашеваның ойтолғанысы.

Съезден кейінгі сөз.

Кеше 28 сәуір күні Түлкібас ауданының орталығындағы мәдениет үйінде Түркістан облысы ағылшын тілі пәні педагогтерінің облыстық І съезінің делегаты болып барып қайттым. Съезд: «Ауыл мектептеріне арналған TESOL әдістері: тиімді тәжірибе мен инновациялар» тақырыбында өтті. Дайындық өте жоғары деңгейде, мәдениет үйінің алдындағы үлкен Арбат скверінде аудан оқушыларының керемет қолөнер көрмесі, 100-ге жуық оқушылардан жасақталаған қазақ ұлт аспаптар оркестрінің концерті, «Білім бастауы-сапалы оқулық» кітап көрмесі, ауданның ағылшын тілі мұғалімдерінің жетістіктерінен жасақталған галерея, оқушылардан құрылған «LOVE BAND» ансамблінің жанды дауыстағы концерті съезд қонақтарын бірден баурап алды. Съезді Түлкібас ауданы білім бөлімінің басшысы Д. Қыдыралиев ашып съезд жұмысына сәттілік тілеп, бүгінде ағылшын тілінің маңыздылығына тоқтап өтті. Пленарлық мәжіліс бөлімінде Түркістан қаласындағы НЗМ мұғалімі Б. Қожахмет «Заманауи мұғалім-өзгеріске дайынсыңба?», И. Джагусах «Білім есте сақтау емес, қолдану үшін», А. Тұлыбекова «АҚШ ЖОО түсудің 5 қадамы», М. Әуезов атындағы универдің профессоры Р. Костер «Кітапсыз тіл үйренудің 3 жолы», А. Джошуа мен Жетісай ауданы білім бөлімі әдіскері Н. Балхибаеваның «Ағылшын тілін жобалар арқылы үйрену», Түркістан облысы ББ Білім беруді дамыту орталығының ағылшын тілі әдіскері М. Нарымбетов «Ағылшын тілі біліміндегі заманауи трендтер, инновациялар мен болашақ бағыттар» съездтің ең бір кульминациялық сәті Жапонияның Наруто университетінің профессоры, РН докторы Юмико Ононың «Білім берудегі – сабақ зерттеудің күші» атты тікелей эфирмен зум баяндамасы бәрімізді бір серпілтіп тастады. Баяндамашылардан кейін шынайы түрде «Ашық микрофон» әдісімен өткен пікірталас бөлімінде ағылшын тілін берудегі кедергілер, олқылықтар, жаңа идеялар мен ұсыныстар да қызу талқыға түсіп съезд қаулысына ұсынылып жатты. Осындай ауқымды облыстық деңгейдегі іс-шараның ұйымдастырушысы болып, әрбір әрекетінің бүге шегесіне дейін мән беріп «майдан қыл суырғандай» жоғары деңгейдегі іс-шараның ұйымдастырушысы, кезінде өзімізбен бірге әріптес болып, еңбек жолын осы мектепте бастаған, бүгінде ағылшын тілі пәнінің сол аудандағы әдіскері - Назира Шолтаева қызымыз барлығыңызға сағынышын жеткізіп, үлкен-үлкен сәлемін айтып қалды. Қызымыздың кәсіби шеберлігін, еңбекқорлығын көріп, еңбегі жанып, абыройға бөленіп, биіктен көрініп тұрған әріптесіміз үшін мақтанып та марқайып та қайттық.» Жас келсе іске»- демекші, өзінің тың идеяларымен, ізденімпаздығы мен іскерлігінің арқасында аудан ағылшын тіл пәні мұғалімдеріне жаңа леп алып келген Наргиза қызымыздың да биылғы атқарған тірлігі орасан деуге әбден болады. Әрбір мұғалім үшін өте маңызды осындай іс-шараға лайықты деп танып ауданнан еңбегіне қарай іріктеп алып барған әдіскерімізге Алланың нұры жауып, Назира апасының жақсы жолы жұғысты болсын. Келешекте бізде осындай іс – шараларды өткізуге мұрындық болып, әдіскерімізге қолдау білдіріп жанынан табылайық дегім келеді.